

Табиғат зоналары

Табиғат зоналары – ұқсас ландшафт, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне ие өте ірі табиғат кешендері. Табиғат зоналары ғаламшардағы жылу мен ылғалдың таралуы әсерінен қалыптасады. Табиғат зоналары көбінесе ендік бойынша орналасады, бірақ жер бедері мен мұхиттан қашықтығы зоналардың таралуы мен олардың еніне әсер етеді.

Экваторлық және тропиктік ормандар. Бұл зона Африка, Оңтүстік Америка мен Азияның экваторлық және тропиктік белдеулерінде орналасқан. Тропиктік ормандар – мәңгіжасыл, мұнда әрқашан жоғары температура мен ылғалдылық. Бұл ормандарға көпжылылық тән: бір жерде қысқа бұталар, орташа биіктіктегі ағаштар мен алып ағаштар өседі. Мұнда қызыл-сары топырақтар қалыптасады.

Шөлдер мен шөлейттер. Зона экваторлық, тропиктік және қоңыржай белдеулерде орналасқан. Шөлдер төменгі ылғалдылықпен ерекшеленеді, өсімдік және жануарлар дүниелері бұл ауыр жағдайға бейімделеді. Жануарлар көп уақыт бойы сусыз өмір сүруге бейімделген, ең құрғақ кезеңдерді ұйқымен өткізеді немесе көпшілігі түнде ғана ояу болады. Көптеген өсімдіктер ылғалдылықты сақтауға бейімделген, оларда буланушылық төмен болады, сонымен қатар, олардың түбірлері сабақталған болады. Жалпы, өсімдіктер және жануарлар дүниелері өте шектеулі. Шөлдер топырақтарында органикалық заттар аз және минералды тұздар көп.

Саванналар мен сирек ормандар. Бұл зона тропикалық климаттық зонада орналасқан және аралық зона болып табылады. Ол жауын-шашын мөлшерінің аз мөлшері мен үнемі жоғары ауа температурасымен ерекшеленеді. Саванналар үшін құрғақшылық кезеңінің болуы тән, бұл кезде шөптер құрғап кетеді, ал жануарлар су қоймаларына қарай жақындайды. Өсімдіктер мұнда көбінесе шөпті, ағаштар сирек кездеседі. Саванналарға ірі шөпқоректі жануарлар мен аңдардың болуы тән. Топырақ мұнда қызыл және каштан.

Қаттыжапырақты мәңгіжасыл ормандар мен бұталар. Бұл зона жерортатеңіздік климатқа тән, ол жұмсақ, ылғалды қыс пен ыстық жазбен ерекшеленеді. Оған алуан-түрлі өсімдіктер, мәңгіжасыл жапырақты өсімдіктер, көптеген қылқанды ағаштар тән. Бастапқы жануарлар дүниесі мүлдеп жойылып кетуге жақын. Мұнда қызыл-қоңыр топырақтар тән.

Дала мен орманды дала. Бұл зона қоңыржай белдеуде қалыптасады, оған суық қыс пен жылы, құрғақ жаз тән. Далалар үшін шөпті өсімдіктер тән, көптеген облыстарда олар мәдени өсімдіктермен алмастырылған. Жануарлар дүниесінен дала мен орманды далаларда кемірушілер, ұсақ тұяқтылар, бауырымен жорғалаушылар және жыртқыш құстар кең таралған. Дала мен орманды дала зоналарында ең құнарлы топырақ – қара топырақтар таралған.

Жалпақжапырақты және аралас ормандар. Бұл зона орташа жауын-шашынды қоңыржай белдеуде қалыптасқан, оған әдетте суық қыс пен қоңыржай жылы жаз тән. Ормандарда әдетте екі-үш ярус бар. Мұнда орманды тұяқтылар, жыртқыштар, кеміргіштер, жәндіктермен қоректенетін құстар таралған. Бұл зонадағы топырақ қоңыр және сұр орманды.

Тайга. Бұл зона солтүстік жарты шарда суық қысты, қысқа жылы жазды және жеткілікті жауын-шашынды қоңыржай белдеуде қалыптасады. Ормандары көпжылы, қылқанды ағаштар көп. Жануарлар дүниесі көптеген жыртқыштардан тұрады, олардың кейбіреуі қыста ұйқыға кетеді. Топырақтары сұр.

Тундра мен орманды тундра. Бұл табиғат зонасы ауа температуралары төмен субполяр және поляр зоналарда орналасқан. Өсімдік дүниесі аласа өсімдіктерден, мүк, қына, бұталар, карликтік ағаштардан тұрады. Тундрада тұяқты жануарлар, ұсақ жыртқыштар өмір сүреді. Тундрадағы топырақ шымды-глейлі.

Арктикалық шөлдер. Арктикалық шөлдер полюстерге жақын аралдарда кездеседі. Өсімдіктерден мүктер, қыналар кездеседі немесе мүлдем өсімдіктер өспейтін жерлер бар. Бұл зонада кездесетін жануарлар көбінесе суда өмір сүреді, құстар бірнеше айға ұшып келеді.

Дерек көзі: <https://geographyofrussia.com/geograficheskaya-obolochka-zemli-prirodnye-zony-zemli/>

Тянь-Шань таулы өлкесіндегі биіктік белдеулік

Тянь-Шань тауларының табиғат зоналары биіктік белдеулігімен ерекшеленеді. Табиғи ортасына, әр тау жотасының өзіндік ерекшеліктеріне қарай биіктік белдеулері Тянь-Шаньның барлық жерінде бірдей емес, бірінде биіктік белдеу жоғары болса, бірінде төмен жатады. Биіктік белдеулердің ең төменгісі тау етегіндегі, тау ішіндегі жазықтарды қамтиды. Ол 300-800 м биіктікте. Бұл белдеуде шөл зоналары бар. Онда дәнді-дақылдар, екпе шөптерді мал жайылымына пайдаланылады. Шөлейтті зонасы белдеуі 800-1300 м-де. Жусанды-бетегелі жусан, ақ жусан, бетеге өседі. 1300-2300 м-дің шамасынан далалы зонасы орналасқан. Бұл жердің қара, қара қоңыр топырағында әртүрлі өсімдіктер, шөптесін, қарағайлы, тобылғылы бұталар өседі. 2300-2800 м биіктікте орманды зонасы, онда қылқан жапырақты орман өседі. Тау жануарлары аю, қабан, елік кездеседі. 2800-3800 м белдеуінде субальпілік, альпілік шалғындар таралған онда көкнар, сарғалдақ, жабайы жуа, еңлікгүлі, тасжарғыш өседі. Құз басында барыс, таутеке, ұлар, тау бүркіті мекендейді. 3800-4300 м биіктікте қарлы зона орналасқан. 4300-4800 м жоғары қарлы белдеу, ал 4800-6800 м биіктікте мұзды алқабы орналасқан.

Қолданған ресурстар

1. Қазақстанның физикалық географиясы. Алматы «Атамұра» 2012 ж. Ә. Бейсенова, Қ. Карпеков.
2. Тянь-Шань тауы 8 сынып сабақ. engine. <http://engime.org/tyane-shane-taui-20-04-11-j-8a-sinip-geografiya-sabafi.htm>

Материктердің табиғат зоналары

Африканың табиғат зоналары

Ылғалды мәңгіжасыл экваторлық ормандар ыстық және үнемі ылғалды климатта орналасқан. Солтүстік және оңтүстік шеттерінде (окраина) олар аралас, жапырақтары құрғақ мезгілде түсетін ормандарға айналады. Тропиктік ылғалды ормандар Африканы шығыс жағалауы мен Мадагаскардың шығысында өседі.

Саванналар. Саванналар жауын-шашынды кезеңнің ұзақтығы мен жауын-шашынның жылдық жиынтығына байланысты ұзыншөпті, типтік (құрғақ) және шөлді саванналар болып бөлінеді. Ұзыншөпті саванналар жауын-шашын мөлшері 800-1200 мм болатын және құрғақ кезең 3-4 айға созылатын жерлерді алып жатыр. Типтік саванналарда (жауын-шашын 500-800 мм құрғақ кезең 6 ай) біртұтас дәнді жамылғы (злаковий поктор) 1 м-ден ұщын емес, ағаштардан пальмалар, баобабтар, акациялар таралған. Шөлді саванналар (жауын-шашын – 300-500 мм, құрғақ кезең 8-10 ай) біртұтас дәнді жамылғыға ие болмайды, мұнда тікенекті бұталар (колючие кустарники) кең таралған.

Шөлдер. Африканың солтүстігінде кең ауданды алып жатыр, мұнда әлемдегі ең алып Сахара шөлі орналасқан. Оның өсімдіктері склерофильді (қатты жапырақты, құрғақшылыққа бейім), сирек. Оазистердің (жазиралардың) ең маңызды өсімлігі – финик пальмасы.

Оңтүстік Американың табиғат зоналары

Ылғалды экваторлық ормандар. Экватордың екі жағында Оңтүстік Америкада ылғалды экваторлық ормандар зонасы таралған. Ормандар фаунасы алуан-түрлілігімен таңғалдырады. Өсімдіктер мұнда өте үлкен биіктікке жетеді. Мұнда сейбалар (биіктігі 80 м), әр түрлі пальмалар өседі. Ағаштарды лианалар айналып өседі.

Амазонияның жануарлары ірі, көптеген Амазонкада мекендейтін қоңыздар мен көбелектер алып болып келеді. Көптеген жануарлар өз өмірлерін ағаштарда өткізеді, мысалы, әр түрлі маймылдар, жалқауандар.

Саванналар мен сирек ормандар ылғалды экваторлық ормандар мен ауыспалы ылғалды ормандар зоналарынан солтүстікке және оңтүстікке қарай саванналар мен тропиктік сирек ормандар орналасқан. Мұнда биік ағаштардың арасында пальмалар, акациялар, кактустар өседі. Фаунадан мұнда әр түрлі сөмкелілер, кемірушілер, сқунстар мекендейді. Тұяқтылар аз – тек кішігірім жабайы шошқалар мен бұғылар.

Далалар мен шөлейттер

Далалар. Оңтүстікке қарай жауан-шашын мөлшері азаяды және саванналар пампа – субтропиктік далалар зонасына ауысады. Шығыс пампада жаз ыстық. Қыста суық жылдар температураның күрт төмендейіне әкеліп соқтырады. Мұнда пампалық бұғы, гуанако, нанду страусы, көптеген әр түрлі кемірушелер бар.

Шөлейттер. Оңтүстік жағы Патагония деп аталады. Жауын-шашынның аз мөлшерінің әсерінен мұнда шөлейтті өсімдіктер өседі: аласа кактустар.

Жағалаулық шөлдер. Тынық мұхитының жағалауы бойы шөлдер жолағы (полоса) созылған. Мұнда жауын-шашындар өте сирек.. өсімдіктерден кактустар, финик пальмалары кездеседі. Фаунасы кедей: аз скорпиондар мен кесірткелер (ящерицы) ғана.

Дерек көзі: <https://geographyofrussia.com/prirodnye-zony-afriki/>